

1994 жылдың бірінші тоқсанында Өзбекстаннан алынып пайдаланылған табиғи газ үшін есеп айырысу туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 15 қараша 1994 ж. N 1290

Табиғи газға бағаны реттеу және төлемдердің жасалмау дағдарысынан арылу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында Өзбекстан берген табиғи газдың сатып алу мен босатылу бағаларының арасындағы айырма есебінен түзілген 60 млн. АҚШ доллары сомасындағы берешек мемлекеттік қарыз ретінде танылсын.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі және темір жол басқармалары табиғи газ бергені үшін Өзбекстанға АҚШ долларымен 60 млн . берешекті осы мемлекеттердің энергия жүйелері мен темір жолдары арасындағы өзара есеп айырысудың қолданылып жүрген тәртібін сақтай отырып, Өзбекстанның Қазақстанның аумағы бойынша темір жолмен жүріп өтуге Өзбекстанның ақы төлеуі есебінен өтеуді қамтамасыз ететін болсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі темір жолдарының табиғи газ үшін АҚШ долларымен 60 млн. сом қарызды өз табысы есебінен төлеуін 1994 жылдың қарызын қоса алғанда 1995 жылдан бастап үш жыл ішінде жолаушылар вагондарын алуға берілген Германия кредитінің орнын жабудың өтейтін болсын.

4. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті 1994 жылдың бірінші тоқсанында Өзбекстан берген табиғи газ үшін Қазақстан Республикасы берешегінің көлемін түзетуді ескере отырып табиғи газға бағаны қалыптастырудың тәртібін қайта қарасын.

Қазақстан Республикасының мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі республиканы газбен жабдықтау жүйесі бойынша газды тасымалдаудың өзіндік құнын төмендету есебінен газдың көтерме және босату бағасын азайту жөнінде шаралар қолданатын болсын.

Өнеркәсіптің табиғи газға жаңа көтерме бағасы 1994 жылғы 15 қарашадан бастап енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК